


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

ғибрат алдым? Қандай ойға келдім, не түйдім? Осы сияқты сұрақтардың жауаптарына кідірместен жауап берер еді, жауаптарын тауып қана қоймай, Абай айтқандай әр жұма сайын өздеріне есеп беруді дағдыға айналдырар еді.

Сондықтан да бүгінгі жастарымызды Ахмет Байтұрсыновтың осындай астарлы да терең, мәнді өсиеттерімен тәрбиелеуді қолға алу керек.

XX-шы ғасырдың ұлы реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының өзі өмір сүрген кездегі өзекі болған тақырыптар, өкінішке орай шешімін таппады. А. Байтұрсынұлын тану, оның мұрасын оқу жалғасын табуда.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің бүкіл саналы өмірін халқының игілігі үшін сарп етті. Аяулы ұлтына өзі білген нәрсесін ұтымды жеткізуден жалықпады, жанын сала тер төкті. Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» [3] деген екен. Кезең мен бүгінгі тәуелсіздік танымы тұрғысынан айтылған айшықтар легі шексіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (Мұрағат деректері негізінде) Монография. – Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010. – 304 б.
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре. – 2013. Т.І. – 384 б.
3. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996. – 256 б.

Н.Б. Ергешбай

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс магистранты,
Қазақстан, Астана қ.*

E-mail: nuraishayergeshbay@gmail.com

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. В данной статье рассматриваются национальные ценности и их значимость как для личности, так и для общества. Национальные ценности представляют собой духовное богатство нации, основу её культуры и главный инструмент воспитания. В статье анализируется воспитательное, культурное, духовное и историческое значение изучения национальных ценностей. Подчёркивается актуальность их сохранения и популяризации. Национальные ценности описываются как основа сохранения самобытности, духовного богатства и культуры нации. Кроме того, рассматривается роль изучения национальных ценностей в воспитании молодёжи, формировании их национального сознания и укреплении патриотического духа.

Ключевые слова: Национальные ценности, национальное воспитание, образование, обучение, духовное наследие, национальное сознание, язык и культура, обычаи и традиции.

Abstract. This article explores national values and their significance for both individuals and society. National values represent the spiritual wealth of a nation, the foundation of its culture, and a key tool for education. The article analyzes the educational, cultural, spiritual, and historical importance of studying national values. The relevance of preserving and promoting these values is emphasized. National values are described as the foundation for maintaining the uniqueness, spiritual wealth, and culture of a nation. Additionally, the article examines the role of studying national values in educating young people, shaping their national identity, and strengthening their patriotic spirit.


Keywords: National values, national education, education, teaching, spiritual heritage, national consciousness, language and culture, customs and traditions.

Бүгінгідей күннен күнге дамып, өзгеріп жатқан жаһандану заманында әрбір ұлттың алында тұрған ең басты да маңызды міндеті – ұлттық құндылықтарды сақтау, өскелең ұрпақ бойына сіңіру және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу екені анық. Осы тұста ұлттық құндылықтарды дәріптеуде жас ұрпақты тәрбиелеу мен оларды оқытудың маңызы зор. Бала оқыту ісінің негізін қалап, дамытушылардың бірі, ақын, педагог Мағжан Жұмабай өзінің «Педагогика» еңбегінде өз ұлтына қызмет ететін ұлтжанды азаматты өсіруде ұлттық тәрбиенің маңызы туралы былай дейді: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол

болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» [1, 18]. Осы сөзден-ақ, ұлт тәрбиесінің бүгін ғана пайда болған дүние емес екендігін, шәкірт тәрбиелейтін әрбір ұстаз бен тәрбиеші ұлт тәрбиесімен таныс болып, өз жұмысында қолдануының маңыздылығын көре аламыз. Ұлттық құндылық ұлттың ұлт болып қалуының бірден-бір негізі екені анық. Өз ұлтының сақталуын қалаған әрбір адам өз тілінде сөйлеп, өз жерінде жасап, өз салты мен дәстүрін ұстануы керек. Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтар мен рухани мұраларды жаңғыртып қана қоймай, аталған дүниелерді жастардың санасына жеткізу, олардың бойына бала кезден-ақ ұлттық құндылықтарды сіңіре өсіру аса маңызды міндетке айналды. Бүгінгідей жаһандану ғасырында көптеген халықтардың ұлттық бірегейлігіне қауіп төніп тұрғаны туралы жоғарыда атап өттік. Өз тілінде сөйлеп, дәстүрін ұстанып, салтын дәріптейтін ұлт жанашырларының азаюы сол ұлттың жер бетінен жоғалып кету қаупін жоғарлатады. Осы шақта ұлттық құндылықтарды сақтап қалу және оларды заманауи технологиялар арқылы насихаттау, оқыту ерекше мәнге ие болуда. Білім беру, бала оқыту және тәрбие беру ісі – адамзат тарихындағы әлемді өзгертуші әрі қозғаушы ең мықты күштердің бірі. Білім беру арқылы бүкіл ұлт тағдырын өзгертуге болатынын тарих беттерінен өз көзімізбен көріп келеміз. Ел арасында халық пен халықты, адам мен адамды теңестіруші деп аталып кеткен білім саласы – қазақ ұлтының сақталуы мен көркеюі үшін өте маңызды аспектілердің бірі.

Ұлттық құндылықтарды оқыту мен ұлттық тәрбие берудің маңызы жайлы айтпас бұрын «ұлттық құндылықтар дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беріп, анықтамасын қарастырайық.

Құндылық дегеніміз – белгілі бір заттың маңыздылығын, пайдалылығын, керектігін көрсететін ұғым. Өз ішінде құндылық алдамшы және шынайы, пәндік және субъективтік, философиялық және ұлттық болып бірнеше түрге бөлінеді. Осы аталған құндылық түрлері ішінде бізге қажеттісі – ұлттық құндылықтар. Бұл туралы кейбір ғылыми еңбектерде былай делінеді: «Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы» [2]. Яғни, ұлттық құндылық дегеніміз – әрбір халықтың өткен тарихы мен тәжірбиесі, ұлттық ерекшелігі, сана-сезімі, жүріп өткен жолы мен бастан кешкен әрбір сын сағаты негізінде қалыптасып дамитын дүние. Ұлттық құндылықтардың қалыптасу процесі бір мезетте болатын дүние емес. Бұл – халықтың күнделікті өмірінен, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен, киген киімінен, салған ән-жырымен, билеген биімен, тыңдаған аңызы мен ертегісінен, тіпті жеген асынан құралатын, ғасырларға созылып жататын ұзақ процесс. Сол себепті де, әрбір адам өз ұлтының ажырамас бөлігі сезініп, өз ұлтының құндылықтарын өзге құндылықтардан биік қойып, бағалайды. Қорытындылар болсақ, ұлттық құндылықтар дегеніміз – белгілі бір ұлттың тарихи тәжірибесін, мәдениетін, тілі мен дінін, салт-дәстүрін және дүниетанымын қамтитын рухани құндылықтар. Ұлттық құндылықтар ұлттың бірегейлігін сақтауда және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда маңызды рөл атқарады. Жалпылама атайтын болсақ, ұлттық құндылықтарға ұлтымыздың тілі мен ділі, салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті жатады [3]. Ал олар өз кезегінде бірнеше топтарға бөлініп, бірігеді (1-сурет).



Ұлтыз тіл, тілсіз ұлт болмайтыны анық бұл заманда, әр халық ата-бабасынан қалған, бірегей тарихына арқау болған туған тілі – ана тілін сақтап қалудың бар амалын жасап отырғанын көреміз. Мағжан Жұмабаев өз еңбектерінде "Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу" [1, 117] деп атап көрсеткендей, ұлттық тіл әр ұлттың өзіне тән ерекшелігін сақтап қалуға ықпал етеді. Халық арасында ана тілі бала бойына ана сүтімен дариды деген сөз бар. Осы халық даналығының өзінен-ақ ана тілінің әр ұлт пен сол ұлттың әрбір адамы үшін маңызын көре аламыз. Ұлттық құндылықтар арасында ең маңыздысы да тіл десек, қателеспейтініміз анық. Оның себебі, адамның өз ұлтының тарихын, салты мен дәстүрін тануы үшін қажетті ең маңызды көпірдің дәл осы тіл болуында. Мұстафа Шоқайдың "Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл" [4] деген сөздері де бұл құндылықтың әрбір ұлт үшін өміршендігін айқындайды. Тілін жоғалтқан ұлттың түптің түбінде өзін жоғалтып алуы да әбден ықтимал. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтардың қатарына тіл, әдебиет, ұлттық өнер, тарихи мұра, салт-дәстүр және халықтық қолөнер кіреді.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының аталған элементтері әрдайым терең әрі жан-жақты болған. Әрбір құндылықтың ұлттың ұлт болуына, сол ұлттың жандануы мен жаңғыруына тигізер септігі зор. Ұлттың ұлтшылдығының белгісі болған бұл элементтердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталсақ:

1. Тіл: Қазақ тілі – ұлттық болмыстың негізі және ұлт пен мәдениеттің басты сақтаушысы;

2. Салт-дәстүрлер: Құда түсу, той, бесікке салу, тұсау кесу, Наурыз мерекесі сияқты дәстүрлер ұрпақтар арасындағы байланысты сақтап, ертеден келе жатқан мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді;

3. Отбасылық құндылықтар: Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-ананы сыйлау, туыстық байланыстарды нығайту секілді құндылықтар ел арасындағы қарым-қатынасты көрсетіп, ұлттық ерекшелігімізді айқындайды;

4. Қонақжайлылық: Қонақты құрметтеу және оған ерекше көңіл бөлу қазақ халқын басқа ұлттан ерекшелетін тұратын айрықша белгілердің бірі екенін білеміз;

5. Туған жер мен елге, табиғатқа деген құрмет: Қазақ халқы табиғатты ерекше қастерлеп, оны қорғауға баса назар аударған. Адам өмірінің әрбір бөлігі мен кезеңі табиғатпен тығыз байланысты деп сенген;

6. Еркіндік пен тәуелсіздік: Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі – ұлттық сананың ажырамас бөлігі. Өткенін ұмытпай, қастерлеуді үйрету арқылы өскелең ұрпаққа ұлтты сыйлап, құрметтеуді үйрете аламыз;

7. Музыка мен өнер: Домбыра, күй, айтыс, жыр-термелер – қазақ халқының ұлттық мәдениеттің бірегей элементтері. Қазақ халқында бірде-бір той-думан, мереке ән-күйсіз өтпеген. Музыка тек ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, тарихтың әрбір бетінде өзіндік маңызды міндетін атқарып отырған.

Бұл құндылықтар қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, рухани және мәдени мұрасының молдығын, сонымен қатар, тамырының тереңде жатқандығын көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды оқытпас бұрын, білім берудің тәрбие берумен тығыз байланысты екенін түсінуіміз керек. Білім беру мен тәрбие – егіз ұғымдар, мақсаты – адамды рухани және интеллектуалдық тұрғыдан дамыту. Тәрбие беру үрдісі білімді дұрыс қолдануға, ақылмен пайдалануға бағыттайды. Білімділік тұлғаның сана-сезімін, дүниетанымын кеңейтіп, оның дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Ал тәрбие – сол алған білімді ақылмен пайдалана білуге, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында оқушылардың ұлттық сана-сезімін, рухани байлығын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Оқытудың мазмұнын ұлттық ерекшеліктермен толықтырып, әр сабақта ұлттық компоненттерді пайдалану маңызды. Ұлттық құндылықтарды оқыту – болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырудағы және рухани-мәдени мұраны сақтаудағы ең негізгі құралдардың бірі. Ұлттық құндылықтар – ұлттың бірегейлігін айқындайтын, оның тарихи тәжірибесін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін және рухани байлығын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды фактор. Өз ұлтын, тілін, дінін, тарихын білген ұрпақ өзінің де, елінің де болашағын айқын көре алады. Осы тұста ақын, ғалым Жүсіп Баласағұнның:

Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,

Оны үйрете алмас ешбір мұғалім, – деген сөзі ойға оралады. Тәлім-тәрбиенің, білім берудің негізі, түп-тамыры әр адамның өз халқы мен елінің даналығында жатыр. Осы тұстан-ақ, халық пен сол халықтың тарихы, құндылықтары мен ол елді өзгеден ерекшелетін тұратын бірегейлігінің маңызы мен бір-бірімен тығыз байланысын көре аламыз. Осы орайда ұлттық құндылықтарды оқытудың төмендегідей маңызды міндеттері мен маңызы бар:

1. Жеке тұлғаны тәрбиелеу: Ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы жас ұрпақтың бойында патриотизм, адамгершілік, жауапкершілік және отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыра аламыз;

2. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді сақтау: Ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы мәдени мұра мен дәстүрлер сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өз маңызын жоғалтпастан жетеді;

3. Ұлттың бірлігін нығайту: Бүтін қоғамға ортақ ұлттық құндылықтар қоғамды бір мүдде жолында біріктіріп, ұлттық бірлікті күшейтеді;

4. Жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтау: Сәт сайын өзгеріп, дамып жатқан жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктер пен құндылықты, дәстүрлер мен болмысты сақтап қалу маңызды, ал бұл маңызды мақсаттарға жас ұрпақты оқыту, білім беру арқылы ғана қол жеткізе аламыз;

5. Баланың тұлға ретінде толыққанды дамуы: Өз ұлтының құндылықтарын оқып өскен, меңгерген бала өзінің мәдениетіне, тарихына деген құрметін арттырып, ұлтын тану арқылы өзін-өзі тануға мүмкіндік алады.

Осылайша, ұлттық құндылықтарды оқыту жеке тұлғаның дамуына ғана емес, жалпы қоғам мен ұлттың дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды оқыту – болашақ ұрпақты тәрбиелеудің және ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралы. Ол жастарды ұлттық сана-сезімге, патриотизмге, рухани байлыққа баулып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы ұлттың рухани мұрасы сақталып, мәдениетіміздің өркендеуіне жол ашылады.

Қорытындылап айтқанда, қазіргі жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қалу, рухани және мәдени мұрамызды дәріптеу – ел болашағына жауапкершілікпен қараудың айқын көрінісі. Бұл ретте білім беру мен тәрбие беру – ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралы. Ұлттық құндылықтарды оқыту жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың патриоттық рухын нығайтады. Сондай-ақ, бұл процесс тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына әсер етіп, ұлттың бірегейлігін сақтауға ықпал етеді. Өзінің тілін, мәдениетін, тарихын құрметтеген ұрпақ өз болашағына да, ұлтының болашағына да сеніммен қарай алады. Осылайша, ұлттық құндылықтарды оқыту – болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырудағы, рухани байлығын арттырудағы және ұлттың бірлігін сақтаудағы ең негізгі құрал. Әрбір ұлт өз құндылықтарын сақтап, оларды насихаттай отырып, әлемдік қауымдастықта өз орнын айқын сезіне алады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы ғана біз халқымыздың бай мұрасын сақтап, ұлттық болмысымызды жаһандық өзгерістердің ағынында жоғалтпай, болашаққа нық қадам баса аламыз.

Әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Астана: Сенімен болашақ, 2022. – 160 б.
2. Бекжан Г. Ұлттық құндылықтар ұлтты құрметтеуден басталады. // Электрондық ресурс: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/ulattyq-qundulyqtar-ulatty-qurmetteuden-bastalady-664/>
3. Әбілқасов Ғ.М., Хасен М.А., Қоңырова Н.А. Ұлттық құндылықтарды оқытудың өзектілігі. // Proceedings of the 10th International Scientific and Practical Conference «Challenges in Science of Nowadays». Вашингтон: InterConf, 2022. – Б. 95-102.
4. Шоқай М. Мұратымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан. // «Жас Түркістан». – 1929-1931. – № 1-15. – 152-154 бб.

А. Еркін

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті І курс докторанты
E-mail: alagan@mail.kz
Қазақстан, Астана қ.*

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР

Аннотация. В статье рассматривается литературное наследие казахского народа, охватывающее периоды от древности до современности, отражающее духовные ценности. Рассматриваются огромные заслуги таких просветителей, как Ибрай Алтынсарин и Ахмет Байтұрсынов, в развитии казахского языка и формировании методики преподавания. Их вклад в введение жанра прозы в казахскую литературу, а также создание учебников и методических руководств отмечены особо. Магжан Жұмабаев и Жүсіпбек Аймауытов, написавшие методические труды в области педагогики, заложили основы национального воспитания и образования. Преподавание национальных ценностей на уроках литературы является одной из важных задач для воспитания молодежи в духе национального духа и культуры.

Abstract. The article covers the periods from ancient times to modern times, writes about the literary heritage of the Kazakh people and spiritual values. The significant contributions of educators like Ybyray Altynsarin and Akhmet Baitursynuly in developing the Kazakh language and forming teaching methodologies are considered. Their work in introducing the prose genre into Kazakh literature and creating textbooks and methodological guides is particularly noted. Magzhan Zhumabayev and Zhusipbek Aimaulytov, who wrote methodological works in pedagogy, laid the foundations